

**БЕКІТЕМІН**  
**«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың**  
**оқу-әдістемелік орталығы» КММ директоры**  
**Б.Х. Абдикерова**  
« 05 » \_\_\_\_\_ 04 \_\_\_\_\_ 2021 жылы



**«Цифрлық әлемге қадамдар» жобасы аясындағы  
презентациялар мен фотоколлаждар байқауының  
ЕРЕЖЕСІ**

Презентациялар мен фотоколлаждар байқауының (бұдан әрі-байқау) Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы «Цифрлық әлемге қадамдар» жобасы аясында 5-8 сынып оқушыларының, сондай-ақ педагогтерінің функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында өткізіледі.

Байқаудың міндеттері:

- ✓ оқушылардың шығармашылық қабілеттерін және АКТ саласындағы қызығушылығын дамыту;
- ✓ оқушылар мен педагогтердің компьютерлік сауаттылығын және ақпараттық мәдениетін арттыру;
- ✓ шығармашылық және талантты жұмыс істеуге ғана емес, сонымен қатар өзінің практикалық инновациялық тәжірибесімен бөлісуге қабілетті ең белсенді және талантты оқытушылар мен оқушыларды анықтау және ынталандыру.

Қарағанды облысының 5-8 сынып оқушыларынан тұратын шығармашылық топ конкурсқа қатысушылар болып табылады. Шығармашылық топ 5 қатысушыдан тұруы керек. Педагогтердің шығармашылық топтардың жетекшілері ретінде қатысуына жол беріледі.

**II. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ.  
БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ.**

Байқау қашықтық форматта екі кезеңде өткізіледі:

**I кезең - аудандық/қалалық деңгей: 2021 жылдың 7-23 сәуір аралығында.**

Презентациялар мен фотоколлаждар байқауының тақырыптары:

- ✓ «Менің цифрлық әлемім»;

- ✓ «ІТ әлемі»;
- ✓ «Менің Қазақстаным»;
- ✓ «Жас инженер»;
- ✓ «Менің туған өлкем»
- ✓ «Ұлы Отан соғысының батырлары»

Презентацияға қойылатын талаптар:

- ✓ презентацияның байқау тақырыбына сәйкестігі;
- ✓ слайдтар саны 10 слайдтан артық емес;
- ✓ жұмыстың айқындылығы;
- ✓ жақсы сапалы суреттер, айқын бейнесі бар;
- ✓ сюжеттің және шығармашылық жоспардың өзіндік ерекшелігі;
- ✓ дыбыстық сүйемелдеудің болуы;
- ✓ жалпы эмоционалды қабылдау;
- ✓ барлық жұмыстар плагиатқа тексеріледі;
- ✓ слайдтардың дизайны тақырыпқа сәйкес келеді, мазмұнды қабылдауға кедергі келтірмейді, презентацияның барлық слайдтары үшін бірдей дизайн үлгісі қолданылады;
- ✓ орфографиялық және пунктуациялық сауаттылықты сақтау.

Фотоколлажға қойылатын талаптар:

- ✓ байқаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі
- ✓ жұмыстың айқындылығы;
- ✓ жұмыстың орындалу сапасы;
- ✓ сюжеттің және шығармашылық жоспардың өзіндік ерекшелігі;
- ✓ барлық жұмыстар плагиатқа тексеріледі.

**II кезең-облыстық деңгей: 2021 жылдың 12 мамыры.** Презентациялар мен фотоколлаждарды қорғау.

Білім бөлімдері 2021 жылдың 6 мамырына дейін облыстық кезеңге қатысу үшін 1 жұмыстан (аудандық/қалалық деңгейдегі жеңімпаздардың жұмыстары) жібереді. Конкурсқа қатысушылардың жұмыстары мен өтінімдері **umc-ro@umckrg.gov.kz** электрондық мекен-жайына «Цифрлық әлемге қадамдар» белгісімен қабылданады. Мектептерден жіберілген жұмыстар қабылданбайды.

Жұмысты қорғау кезіндегі қойылатын талаптар:

- ✓ мазмұнды еркін меңгеру;
- ✓ әділқазылардың сұрақтары мен ескертулеріне еркін және дұрыс жауап беру;
- ✓ ереже талаптарына сай жұмысты қорғайды (3 минут)

**2021 жылдың 6 мамырынан кейін байқауға ұсынылған жұмыстар қарастырылмайды.**

### **III. АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

1. Байқауға қатысатын жұмыстың авторлық құқықтарының сақталуына осы жұмысты байқауға жіберген автор (қатысушылар ұжымы) жауапты болады.
2. Байқауға қатысушылар өздерінің дербес деректерін: тегін, атын, әкесінің атын, байланыс нөмірін, электрондық пошта мекен-жайларын өңдеуге келісімін береді.
3. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды.

### **IV. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ**

1. Байқауға ұйымдастырушылар осы Ереженің II тармағына сәйкес көп балл жинаған жеңімпазды анықтайды.
2. Қорытындылау және қатысушыларды марапаттау ZOOM конференциясында өтеді.
3. Байқаудың ұйымдастырушылары арнайы номинацияларды тағайындау, жеңімпазды анықтау және 1,2,3 орынды дипломдармен марапаттау құқығын өзіне қалдырады.

**Заявка на Конкурс презентаций и фотоколлажей в рамках проекта  
«Шаги в цифровой мир»**

№	Район/город	Организация образования	Ф.И.О. участника	Класс	Руководитель	Е-mail / контактный телефон

**«Цифрлық әлемге қадамдар» жобасы аясындағы презентациялар мен  
фотоколлаждар байқауына сұраныс**

№	Аудан/қала	Білім беру ұйымы	Қатысушының аты-жөні	Сынып	Жетекшісі	Е-mail / байланыс телефоны

Келісілді: Аринов Е.Р.  
Серікбаева А.Р.